

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 қыркүйектегі N 1286 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 26 қазан N 1599. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.05.07. N 512 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Шаруашылық жүргізуші субъектілерін барлық тексерулердің бірыңғай статистикалық есебін енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 қыркүйектегі N 1286 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 44, 399-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгеріс е н г і з і л с і н :

тақырыбындағы және мәтініндегі "субъектілерін" деген сөз "субъектілерінің қызметтерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ "1999 жылдың 1 қазанынан бастап" деген сөздерден кейін ", ал қалғандары үшін - 2000 жылдың 1 қазанынан бастап" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік органдардың кәсіпкерлік субъектілеріне тексерулер тағайындау туралы актілерін тіркеудің тәртібінде:

тақырыбындағы және 2, 3, 4-тармақтарындағы "субъектілерін" деген сөз " субъектілерінің қызметтерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Тіркеуші органның бөлімшелері жоқ қалалар мен аудандардың аумақтарында актілерді тіркеуді осы қалалар мен аудандардың прокуратура органдары жүзеге асырады." ;

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Ерекше жағдайларда, егер тексеру адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін тәртіп бұзушылықты болдырмау жөнінде кідіріссіз шаралар қолдану қажеттігінен туындаса, сондай-ақ тәртіп бұзушылық жасалған кезде тікелей анықталса және ол бойынша анықталған тәртіп бұзушылықтың дәлелдеулерін бекіту үшін шұғыл іс-әрекет жүргізу талап етілсе, тексеруді тағайындау туралы акт Тіркеуші органға келесі жұмыс күнінің ішінде ұ с ы н ы л а д ы . " ;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Тіркеу тексеру жүргізу және белгіленген үлгідегі есепке алу карточкасын толтыру туралы актіні Тіркеуші органға ұсыну жолымен жүргізіледі. Тексеру

аяқталғаннан кейін оны тағайындау туралы актіні шығарған мемлекеттік орган Тіркеуші органға әрбір тексерілген субъектіні есепке алу карточкасына қосымша талонды толтырады және ұсынады.

Тіркеуші органға мемлекеттік органдардың шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне тексеруді тағайындау туралы олардың актілерін тіркеуден бас тартуға тыйым салынады.

Тексеруді тағайындау туралы актіні тіркеуден бас тартуға прокуратура органдарына немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін";
мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Тексерулерді тіркеудің осы Ережемен бекітілген тәртібінің бұзылуына кінәлі лауазымды адамдар заңнамада белгіленген тәртіппен жауап береді."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі